

**Лектор: Касенова А.С. селекция және алғашқы тұқым шаруашылығы бөлімінің ғылыми қызметкері. "Орал АШТС" ЖШС.**

**Семинар тақырыбы: Дәнді дақылдардың егістерін апробациялаудың рөлі мен әдістері**

**Өткізу күні: 12.10.2023г.**

### **Апробация өткізудің мақсаттары мен міндеттері**

Ауыл шаруашылық дақылдарының өнімділігін анықтайтын факторлардың бірі – бұл тұқым өсіру шаруашылығы жүйесінің жақсы ұйымдастырылуы.

Жоғары сапалы тұқымды жәй тұқыммен салыстырғанда, әрбір гектардан 2-3 центнерге дейін үстеме өнімділік қамтамасыз етеді, бұл жаңа сорт енгізгеннен де жоғары көрсеткіш. Өнімділігін жоғарлату қорын пайдалану – барлық деңгейдегі ауыл шаруашылық мамандарының міндеті. Тұқымдардың сапасына қойылатын талаптары өте жоғары болуы керек.

Барлық егістікті, сорттық және егістік сапа мемлекеттік стандарт талаптарына сай жауап беретін, аудандастырылған селекциялық сорттарының тұқымдарымен қамтамасыз етуі үшін, жыл сайын ауыл шаруашылық дақылдарының сорттық егістерін байқаудан өткізеді.

Апробациядан өткізудің басты мақсаты – сорттық және будандастырылған егістіктің өнімділігінен тұқымдарды пайдалану және жарамдылығын анықтау. Ол үшін жүгері мен құмай будандарының аталық формаларының көбеюіне және будандастырылу учаскелерінде жүргізілген жұмыстардың сапасына, ауыл шаруашылық дақылдардың сорттық егістік сапасына баға береді.

Егістіктің сорттық сапасына баға берумен қатар, бөлінуі қиын ауылшаруашылық өсімдіктер мен арамшөптердің ластануын анықтайды, сонымен қатар карантиндік, улы және аса қауіпті; егістіктің ауыл шаруашылық өсімдіктерінің зиянкестері мен ауруларының зақымдалу дәрежесін белгілейді; шаруашылықтың тұқым өсіру бойынша міндетті ережелерінің сақталуын тексереді, яғни жоғары сапалы тұқым өсіру (жұмысты ұйымдастыру, агротехниканы, соның ішінде шөптеу, жүргізілген жұмыс сапасы, тұқым егістігіндегі өнімділікті уақытылы жиналуына дайындау және тұқым сақтау қоймаларын дайындау және т.б.), сонымен қатар сорттық егіс және тұқымдық құжаттамалардың дұрыс жүргізілуі жұмыстарын тексереді.

### **Жұмысты ұйымдастыру**

Ғылыми-зерттеу мекемелерінің тәжірибелі-өндірістік шаруашылықтарының, ауыл шаруашылық жоғары және орта оқу орындарының оқу-тәжірибелік шаруашылықтарының, мамандандырылған тұқым өсіру шаруашылықтарының, тұқым өсіру шаруашылықтарының сорттық егістері және де өнімділігін тұқым алу мақсатында қолданатын тұқым өсіру бригадалары мен бөлімдері; тапшы және келешегі бар сорттарының барлық егістері байқаудан өткізіледі. Дәнді, майлылардың сорттық егістерінің және будандастырылған бірінші ұрпақты тұқым себілген жүгері мен құмайдың барлық егістерінде тіркеу жұмыстары жүргізіледі.

Ғылыми-зерттеу мекемелерінің тәжірибе-өндірістік шаруашылықтарында және ауыл шаруашылық жоғары және орта оқу орындарының оқу-тәжірибе шаруашылықтарында, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарында, элиталық тұқым және бірінші репродукциялы тұқым өндіру үшін тапсырма алған элиталық тұқым өсіру шаруашылығында, көбею көшеттігінен бастап сорттық егістерді апробациядан өткізеді.

Сорттық дақылдар көлеміне апробациядан өткізу жұмыстарына облыстық, аудандық аумақтық инспекциясының, облыстық ауыл шаруашылық басқармасының және аудандық ауыл шаруашылық бөлімдерінің мамандары қатысаді. Сонымен қатар шаруашылықтардағы аудандастырылған және келешегі бар сорттардың қажеттілігін қамтамасыз ету, шаруашылықтарда тұқымның сақтық және ауыспалы қорларын құру, облыстық сақтық қорын құру, белгіленген сорттардың тұқымдарын дайындау тапсырыстарының орындалуын және облыс, республика аумағынан шығарылуы қарастырылып ескерілуі қажет.

Сорттық тұқымды егістігін апробациядан өткізу туралы тапсырманы тұқым өсіру шаруашылықтарына жеткізеді. Бұл шаруашылықтарда бесінші репродукциядан төмен емес, ең жақсы аудандастырылған сорттық дәнді дақылдар егістігі болуы қажет.

Егістікті апробациядан өткізеді:

а) ғылыми-зерттеу мекемелерінің тәжірибе-өндірістік шаруашылықтарында, ауыл шаруашылық жоғарғы және орта оқу орындарының оқу-тәжірибе шаруашылықтарындағы бірегей тұқымдар егістеріне – мемлекеттік тұқым шаруашылығы және өсімдіктер карантині жөніндегі инспекторлар, дақылдарға сәйкес бойынша селекционері немесе бастапқы тұқым өсіру шаруашылығы бөлімінің қызметкері қатысуымен өткізіледі. Егістік дақылдарды байқаудан өткізу бойынша нормаланған дақылдарының аурулармен зақымдалуы, байқаудан өткізу жұмыстарына ғылыми-зерттеу мекемелерінің өсімдік ауруларының және өсімдік қорғау станцияларының мамандары тартылады;

б) элиталық тұқым өсіру шаруашылығында – мемлекеттік тұқым шаруашылығы және өсімдіктер карантині жөніндегі инспекторлар, облыстық ауыл шаруашылық органның агрономы, ғылыми-зерттеу мекемелерінің тәжірибе-өндірістік шаруашылықтарының бастапқы тұқым өсіру шаруашылығының агрономы, ауыл шаруашылық жоғары оқу орындарымен техникумдарының оқу-тәжірибе шаруашылықтарының немесе аграрлық сараптама жүйесінің агрономы;

в) мамандандырылған тұқым өсіру шаруашылығы және тұқым өсіру шаруашылықтарында аттестатталған байқаудан өткізуші агрономы, тұқым өсіру шаруашылығының өкілінің қатысуымен;

г) басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарында – осы шаруашылықтардың агрономы, ал олар болмаған жағдайда басқа шаруашылықтың немесе мекеменің агрономы;

д) ірі ауыл шаруашылық құрылымдарының тұқым шаруашылығы бригадаларында – тұқым шаруашылығы бригадаларының агрономдары шаруашылықтың бас агрономымен бірігіп;

е) шаруашылықтағы сорттық егістігінің тіркеу жұмыстарын осы шаруашылықтың агрономдары жүргізеді. Астық дайындау мекемелерінің агрономдарына, өнімділігін мемлекеттік ресурс үшін дайындауға арналған егістікті байқаудан өткізу жұмыстарына қатысуына мүмкіндік беріледі.

Сонымен қатар, ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 шілдедегі № 4-2/626 бұйрығы бойынша ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық егістерін байқаудан өткізу тұқым өндірушінің облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органына берген өтінімі бойынша жүргізіледі және танапты байқаудан өткізуді:

1) бірегей тұқымдардың егістерін – құрамында мемлекеттік тұқым инспекторы, тиісті дақыл бойынша селекционер, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор және тұқым өндірушінің өкілі бар облыстың жергілікті атқарушы органының шешімімен құрылған комиссия жүргізеді;

2) элиталық тұқымдардың егістерін – құрамында мемлекеттік тұқым инспекторы, өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор және тұқым өндірушінің өкілі бар облыстың жергілікті атқарушы органының шешімімен құрылған комиссия жүргізеді;

3) бірінші және кейінгі репродукциялы тұқым шаруашылығы егістерін – тұқым өндіруші өкілінің қатысуымен байқаудан өткізуші жүргізеді.

*Ескерту.* Ғылыми-зерттеу мекемелерінің тәжірибе-өндірістік шаруашылықтарында, ауыл шаруашылық жоғары және орта оқу орындарының оқу-тәжірибе шаруашылықтарында, элиталы тұқым өсіру шаруашылықтарында, мамандандырылған тұқым шаруашылығындағы және тұқым өсіру шаруашылығын тұқымдық егістігінде көбею көшеттері суперэлита, элита, бірінші және кейінгі репродукциялы сорттық тұқым өндірісін тікелей басқаратын агроном-тұқым өсіруші мамандарға байқаудан өткізуге тыйым салынған.

Апробациядан өткізуші ауыл шаруашылық дақылдарының апробациядан өткізу нұсқаулығына сүйене отырып, бумаларды бөледі, оларға талдау жүргізеді және апробациядан өткізу актің құрады.

Апробациядан өткізуші егістікті байқаудан өткізу, тіркеу жұмыстарын егін жиналғанға дейін аяқтау керек, бас байқаудан өткізуші тексерген байқаудан өткізу құжаттарын шаруашылыққа тапсыруы керек.

Дәнді және майлы дақылдардың сорттық егістерінің тіркеу жұмыстарын, егістің тамырларын буманы іріктемей, сорттық және будандық егістердің себілген тұқымның сорттық құжаттары бойынша тіркеу актің толтыру арқылы жүргізеді.

Байқаудан өткізуші шаруашылықтың арнайы дайындалған жайларында апробациядан өткізілетін бумаларды талдайды.

Шаруашылық басшысы апробациядан өткізу кезінде апробациядан өткізушілерге өзінің тәжірибелі жұмысшыларын бөледі, олар байқаудан өткізушілерден нұсқаулықтан өтіп, техникалық жұмыстарды жүргізеді (бума таңдауда, сабақтарын санауда және т.б. жұмыстарда көмектеседі) және байқаудан өткізушілерді көлікпен қамтамасыз етеді.

Апробациядан өткізуші шаруашылықтағы апробациядан өткізу жұмыстарының және сорттық егістіктің тіркелуінің толық және уақытылы жүргізілуіне, үлгілерді дұрыс таңдалуына, байқаудан өткізілген құжаттардың дұрыс толтырылуына, сорттық және будандық егістіктің тіркелу құжаттарының және олардың уақытылы тиісті орындарына жіберілуіне, апробациядан өткізілген егістіктің тұқымдарын белгіленген мақсатта пайдалану жұмыстарының дұрыс жүргізілуіне жауапты.

Апробациядан өткізуші шаруашылықта егінді жинау шараларының жүргізілуін, жалпы егін жиналуынан тұқым үшін бөлек, ал апробациядан өткізу нәтижелеріне қарап – байқаудан өткізілген бөлімшелердің егінін бөлек, тіркеу бойынша байқаудан өткізілген егістіктерді бөлек жиналуын, қырмандар мен тұқым сақтау қоймаларында егіннің дұрыс үйілуін, тұқымды егістікке дайындауын, басқа сорттар мен дақыл тұқымдарының ластануын алдын-алу мақсатында тұқым шаруашылығының барлық ережелерінің сақталуын, егінді бастыру және тұқымдық қорларды толтыру кезінде, сонымен қатар тұқымды астық қабылдау мекемелеріне тапсыру кезінде құжаттардың дұрыс толтырылуын қамтамасыз етуі керек.

Қажет жағдайда апробациядан өткізуші шаруашылыққа тұқым жаңарту туралы ұсыныс жасап және де бұл жаңарту туралы ұсынысты аудандық ауыл шаруашылық және облыстық ауыл шаруашылық органдарына ұсынады.

Егер де апробациядан өткізуді басқа шаруашылықтың немесе мекеменің агрономы жүргізсе, онда ол байқаудан өткізу нәтижелеріне негізделі отырып, сол шаруашылықтың агрономымен бірігіп егін жинау, тұқымды егу үшін дайындау, сорттық егіс пен тұқымдардың құжаттамасын құру шараларын ұйымдастырады. Сонымен бірге агроном шаруашылықтың жұмысшыларына тұқым шаруашылығы ережелерінің сақталуы туралы нұсқаулық жүргізеді, яғни байқаудан өткізуден кейінгі жұмыстардың барлық кезеңіндегі тұқымның ластануын алдын алу, дұрыс есеп беру және тұқымдық құжаттамалар туралы. Егісте апробациядан өткізу жұмыстарының дұрыс жүргізілуіне бақылау жасау және апробациядан өткізушілерге әдістемелік көмек көрсету үшін әрбір астық өндіру шаруашылықтарына жеке меншік нысанына қарамастан аудандық ауыл шаруашылық

органының, аграрлық сараптама зертханаларының агроном-байқаудан өткізушілерінің ішінен ең тәжірибелі бас байқаудан өткізуші бөлінеді. Бас апробациядан өткізу өзіне бекітілген шаруашылықтарда егісте байқаудан өткізу жұмыстарының сапалы жүргізілуіне толық жауапты болады.

Бас апробациядан өткізушіге апробациядан өткізушілердің жұмыстарын тексеру (бумалардың дұрыс таңдау және талдау); жұмыстың уақытылы орындалуын және шаруашылықтарға құжаттардың берілуін қадағалау; берілген байқаудан өткізілген құжаттардың дұрыс толтырылуын тексеру, егістерді байқаудан өткізу туралы есеп берудің дұрыс толтырылуы; шаруашылықта, астық қабылдау кәсіпорындарында қоймаланған сорттық тұқымдардың таңдап тексерілуі; астық қабылдай кәсіпорындарына тұқымдарды тапсыру кезіндегі құжаттардың таңдалып тексерілуі; байқаудан өткізілетін егістердегі тұқымдарды мақсатымен қолдануын бақылау; егер қажет болса байқаудан өткізу нәтижелерінің талдауы бойынша, аудандық ауыл шаруашылық бөліміне сорт жаңарту жұмыстарын жүргізу туралы ұсыныстары енгізуі жүктеледі.

Бас апробациядан өткізушілерді облыстық ауыл шаруашылық органы бекітеді.

*Ескертпе.* Облыстық ауыл шаруашылық органның, «Казагрэкс» облыстық бөлімшесінің қызметкерлерін бас апробациядан өткізушілер етіп тағайындауға болмайды. Шаруашылықтағы апробациядан өткізуді бақылау үшін сол шаруашылықтың бас агрономдарын бас апробациядан өткізуші етіп тағайындауға рұқсат берілмейді. Бас апробациядан өткізушілерден басқа, апробациядан өткізудің сапасы және сорттық тұқым шаруашылығы ережелерінің сақталуын Ауыл шаруашылығы Министрлігі, облыстық ауыл шаруашылық органы тағайындаған мемлекеттік инспекторлар және маман-агрономдар бақылайды, сонымен қатар «Казагрэкс» бөлімшесінің мамандары, ғылыми-зерттеу мекемелерінің ғылыми қызметкерлері, ауыл шаруашылық жоғары оқу орындары мен колледждерінің оқытушылары.

Апробациядан өткізушілердің, бас байқаудан өткізушілердің, аудандық тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың жұмыстарын Ауыл шаруашылығы министрлігі және АШМ АӨК МИК облыстық аумақтық инспекциясы қадағалайды.

Апробациядан өткізуші мен бас байқаудан өткізушілердің жалақылары байқаудан өткізу мен егісті зерттеу жұмыстарының сапалы жүргізілген жағдайында, байқаудан өткізу нұсқауларында көрсетілген барлық ережелерінің сақталынып, байқаудан өткізілген егіс тұқымдарының мақсатына сай пайдаланылуына байланысты төленеді.

Апробациядан өткізу мен бас байқаудан өткізушілерге жалақы жүргізілген апробациядан өткізудің сапасы туралы қорытынды (апробациядан өткізушілер үшін – бас апробациядан өткізушілерден, ал бас апробациядан өткізушілер үшін – инспектор байқаудан өткізушіден) болған жағдайда төленеді.

Егісті апробациядан өткізетін агрономдарда арнайы дайындық пен тиісті құжат болуы тиіс.

Апробациядан өткізу жұмыстарына бірінші рет қатыстырылып отырған агрономдар үшін, облыстық ауыл шаруашылық аумақтық басқармасы, облыстық ауыл шаруашылық департаменті ғылыми-зерттеу мекемелерімен бірге өндірістен үзіліп 20-30 күндік курстар жүргізеді.

Курс аяқталған соң апробациядан өткізуші-агроном белгілі бір шаруашылықтарда байқаудан өткізу жұмыстарын 2-3 жыл ағымында қайта дайындықсыз жүргізуге құқылы.

Апробациядан өткізу бойынша бұрын дайындықтан өткен агрономдар үшін, Ауыл шаруашылық министрлігі оларды қайта дайындау үшін уақыт пен тәртіпті бекітеді.

Аудандардың бас апробациядан өткізушілеріне облыстық ауыл шаруашылық органы жыл сайын нұсқау беру кеңесін ұйымдастырады. Бас апробациядан өткізушіден басқа, байқаудан өткізу сапасы мен сорттық тұқым өсіру шаруашылығы ережелерінің сақталуын мемлекеттік тұқым шаруашылығы инспекторлар бақылайды, олар Ауыл шаруашылық

министрлігі, аудандық ауыл шаруашылық органдарынан тағайындалады және «Казагрэкс» мамандары, ауыл шаруашылық дақылдарының сорттық сынақ инспектурасының, ғылыми-зерттеу мекемелерінің ғылыми қызметкерлері, ауыл шаруашылық жоғары оқу орындары мен колледждерінің оқытушылары.

## Құжаттар

Сорттық баға беру нәтижелеріне негізделе келе апробациядан өткізуші келесі апробациядан өткізу құжаттарын жасайды:

- дәнді дақылдар, асбұршақ, жармалық және майлы дақылдардың жалпы сорттық егістеріне – Акт 193\* форма бойынша;

(Формаларға сүйінеп көрсетілген мәлеметтер ауылшаруашылығы мекемелеріндегі регистрлар формаларының және алғашқы құжаттарының бухгалтерлік есептерінің Альбомында көрсетілген. М., Союзучетиздат, 1976).

осы дақылдардың тұқымдық егістеріне, тұқым өсіру шаруашылығы мен мамандандырылған шаруашылықтардың тұқымдық егістеріне, тұқым өсіру мақсаттарына жарамды деп танылған, - Акт 195\* форма бойынша;

- бірегей, суперэлита, элита және бірінші репродукциялы ғылыми-зерттеу мекемелерінің тәжірибе-өндірістік шаруашылықтарының тұқымдық егісіне және ауыл шаруашылық жоғары оқу орындарымен колледждеріндегі оқу-тәжірибе шаруашылықтарына, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына, - Акт 197 \* форма бойынша;

- шөп тұқымы – Акт 198 \* форма бойынша;

- картоп егістігіне – Акт 207 \* формабойынша;

- барлық тіркелетін сорттық, будандық дәнді дақылдар, майлы дақылдар мен картоп егісінде, - Акт 199 \* форма бойынша;

- апробациядан өткізу кезінде тұқым өсіру үшін жарамсыз деп танылған, барлық егістерге - Акт 200 \* форма бойынша;

200 форма актісі, тіркеу актісі .немесе апробациядан өткізу актісі бойынша ауыстырылуы мүмкін.

Бірінші жағдайда дақылдар бойынша, өнімнің сатып алу құнын тұқымның белгілі бір сортқа жатуына байланысты белгілейді, егер өнім тауарлық тұқым үшін бекітілген талаптарға сай келсе, онда байқаудан өткізу актінің орнына тіркеу актісін толтырады. Есепке алу үшін жарамсыз актіні сақтап «Апробациядан өткізілген егістер» 15- сх формалы бағанында толтырады, (ЦСУ КСРО 16.07.1970 ж.). Жарамсыз деп танылған актінің «Апробациядан өткізушінің ұсыныстары » бағанында жарамсыз деп танылған актісінің орнына тіркеу актісін толтыру керектігін көрсетуі керек.

Екінші жағдайда апробациядан өткізу нәтижесі бойынша бөлінуі қиын дәнді-дақылдар өсімдіктері және арамшөптердің қоспаларынан, тұқым алуы үшін жарамсыз деп танылған егістерін, жарамсыз актісімен қоса байқаудан өткізіліп толтырылған актісіне, бас апробациядан өткізуші қол қоймайды. Апробациядан өткізуші жарамсыз актісінде мынадай қорытынды жасайды, егер де бөлінуі қиын дәнді дақылдар мен арамшөптер қоспалары бойынша жарамсыз деп танылған егістік тұқымдарды қайтадан тазалап өндегенде, сорттық және егістік тұқымдарының сапасы мемлекеттік стандарт нормаларына сай келсе, облыстық ауыл шаруашылық органдарының арнайы келісімі бойынша жарамсыз актісін жояды, ал жарамсыз актісіне қосымшаланған байқаудан өткізу актілері бас апробациядан өткізушімен бекітіледі. Оларға аграрлық сараптамадан берілген тұқымның кондициясы туралы құжат қосымша тіркеледі.

Апробациядан өткізілген акт бланкілерін аудандық ауыл шаруашылық аумақтық инспекциясында немесе аудандық әкімнің ауыл шаруашылық бөлімінде нөмірлеуге

болады. Аprobациядан өткізуші қол қойып байқаудан өткізу актілерінің қажетті мөлшерін алады.

Аprobациядан өткізуші орындалған жұмысқа есеп беру үшін журнал жүргізуге міндетті, онда байқаудан өткізілген барлық жер көлемінің өткізу нәтижелері және байқаудан өткізілген құжаттардың берілген күндері жазылады.

Ауыл шаруашылық дақылдары егістігінің байқаудан өткізуі туралы 15-ші сх формасы бойынша есепті ауыл шаруашылық министрлігі, облыстық аумақтық инспекциясы немесе облыстық ауыл шаруашылық басқармасы белгіленген мерзімінде береді.

Аprobациядан өткізу, тіркеу, егістің жарамсыздығын дақыл және сорт бойынша бас байқаушы өткізіп тексерген және бекітілгенен актілеріне негізделіп, есеп толтырылынады. Дәнді, дәнді бұршақты, майлы дақылдар, шөп және картоп бойынша байқаудан өткізілген егістің барлық аумағына, тұқымдық егістігіне қоса есепті толтырады.

Ғылыми-зерттеу мекемелерімен тәжірибе-өндірістік шаруашылықтарында, ауыл шаруашылық жоғарғы оқу орындарымен техникумдарының оқу-тәжірибе шаруашылықтарында, элиталық тұқым өсіру шаруашылығы, мамандандырылған тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өсіру шаруашылығы және өз қажеттілігін қамтамасыз ету үшін және мемлекеттік тапсырманы орындау мақсатында тұқым өсіретін шаруашылықтар, барлық егістердің байқаудан өтуі туралы жалпы есеп беруден басқа дәнділер, дәнді бұршақтылар, майлы дақылдардың және шөптердің (өзінің тұқымда қажеттілігін қамтамасыз ету үшін арналған тұқымдық егісті қоса) тұқым өсіру егістігі бойынша есеп береді.

*Есеп беруді толтыру тәртібі.* А бағанында әрбір байқаудан өткізілген дақылдардың атауын жазады, Б бағанында – сорт, будан атауы және байқаудан өткізілген дақылдың түрі жазылады.

1-ші бағанда, тұқымдық егістік бойынша есеп толтырылады. Онда тұқымдық егістіктің барлық көлемі көрсетіледі.

2-ші бағанда әрбір дақылдың сорт, будан, клон бойынша аprobациядан өткізілген егістіктің жарамсызбен қоса барлық көлемін, сонымен қатар зерттелген жүгері мен құмайдың будандастырылу учаскелері көрсетіледі. Шөп дақылдары бойынша байқаудан өткізілген барлық аумақ әрбір сорттар, түрлері, типтері еңгізіледі.

3-ші бағанда тұқым өсіру үшін жарамды деп танылған барлық аумағын, сонымен қатар селекциялық және жергілікті сорттардың егістігінің барлық көлемдерін және зерттеу кезінде жарамсыз деп танылмаған жүгері мен құмайдың будардастырылу учаскелері көрсетіледі. Бұл бағанда тек сорттық тазалығы бойынша 1-3 категорияға жатқызылған аумақтарды көрсетеді.

4,5 және 6-ші бағандарда сорттық тазалығы бойынша сәйкес категорияға жатқызылған аумақты көрсетеді.

7-ші бағанда байқаудан өткізу нәтижесі бойынша элитаға, 1,2,3,4,5 репродукцияға жатқызылған, ал күнбағыс бойынша – элитаға және 1 репродукцияға жатқызылған аумақтардың жалпы санын көрсетеді.

Қызыл беде бойынша 4-ші бағанда бір пішендітүрін, 5-ші бағанда – екі пішенді және 6-ші бағанда беде қоспаларының түрлерін көрсетеді.

Байқаудан өткізілген дақылдар көлемдерінің жергілікті сорттары бойынша сорттық егістікке жатқызылғандарын 3-ші бағанда қосады, бірақ сорттық тазалықтарын категориялары бойынша және 4,5 және 6-ші бағандарда ескермейді (картоптан басқа).

Картоп бойынша жергілікті сорттардың аумағы, сорттық егістікке жатқызылған, сонымен қатар селекциондық сорт бойынша, 3-6 бағандарда көрсетіледі.

8-ші бағанда құжат бойынша тіркеліп, себілген тұқымдардың сорттық сапасын егістікті аprobациядан өткізбей куәләндіретін егістік көлемін көрсетеді. Будандық тұқымдармен себілген, жүгерінің тіркеуден өткен егістігінің көлемін де 8-ші бағанда көрсетеді.

Облыстық ауыл шаруашылық аумақтық инспекциясы, облыстық ауыл шаруашылық басқармасы ғылыми-зерттеу мекемелерімен бірігіп, егістіктің апробациядан өткізу нәтижелерін қарастырып, осы материалдарды талдап сорттық егістіктердің сапасы туралы шолу жасайды, сорт жаңарту жоспарларына түзетулер енгізіп және тұқым шаруашылығын жақсарту бойынша шаралар ұйымдастырады.

### **Апробациядан өткізуге дайындық жұмыстары және сорттық егістерді тіркеу**

Егістікті апробациядан өткізу мен тіркеу үшін растау құжаттары қажет, бұл құжаттар егістіктің селекциялық, жергілікті тұқымдарымен жүргізілгендігін растайды, апробациядан өткізу актісі, сорттық куәлік (213 форма), тұқым үшін куәлік (215 форма), тұқым үшін аттестат (216 форма) егер ол бірінші рет аудандастырылған болса жергілікті сортты анықтау туралы анықтамасының 201 формасы .

Егістікті апробациядан өткізу және тіркеу жұмыстарынан бұрын байқаудан өткізуші мынадай шаралар қолдануы қажет:

1) шаруашылықтағы себілген сорттық және будандастырылған тұқымдарға құжаттың болуын тексеру егерде құжат болмаған жағдайда, оны қайта қалпына келтіру керек;

2) шаруашылықта егісті сақтау немесе егу кезінде өзін-өзі тозаңдандыратын желілі апробациядан өткен сорт тұқымдары немесе буданның басқа сорттар және будандардың бір-бірімен араласпағандығын анықтау. Егіс алаңы мен орнын, сонымен қатар егу жүргізілген алғы дақылды көрсету;

3) жаратылысы бойынша сорттық егістерді қарап шығу және қажет жағдайда сорттық егістік сапасын жақсарту, сақтау шараларын ұйымдастыру (сорттық және түрлі шөптеу, арам шөптерді жою т.б.).

Дәнді, дәнді бұршақты, жармалық және майлы дақылдардың тұқымдық егістігін сорттық отауды байқаудан өткізуге дейін жүргізеді: өздігінен тозаңдандыратын дақылдар үшін масақтанудан кейін және балауызданып піскен кезеңінде, айқас тозаңданатын өсімдіктер – гүлденуі кезеңінде және егісті жинау алдында.

Апробациядан өткізу актілерінде көбею көшеттері, суперэлита және элита егістігінде, сорттық тазалау кезінде алынып тасталған қоспалар туралы белгілер жасайды.

Дәнді, дәнді бұршақты, жармалық және майлы дақылдар жаратылысы бойынша егістігін тексеру кезінде, апробациядан өткізуші көзбен апробациядан өткізу учаскесінің бағдарлы өнімділігін анықтайды.

4) Әрбір учаске шекарасын анықтау апробациядан өтетінін бөлек, учаскедегі өтетін жерге сызық қойып байқаудан өтетін бумаларды айыру үшін кеңістік оқшауланды сақталуын белгілеу, сорттық және будандық тұқымдарды көбейту ережелерінің сақталмауынан, байқаудан өткізу кезінде тұқым өсіру мақсатында жарамсыз деп танылған бөлімшелерді бөліп көрсету.

*Ескертпе:* Айқас тозаңданатын дақылдар егістігінде кеңістікте белгіленген нұсқаулықтың сақтамалмауы, оқшаулану кеңістігі аймағында орналасқан, сорттардың ішінен алынып тасталынады және бөлек жиналады.

Жоғарыда көрсетілген жұмыстардың жүргізілуінен кейін апробациядан өткізуші, апробациядан өткізу актісінің сәйкес пунктерін толтырады немесе сорттық егістіктің тіркеу актісін рәсімдейді.

### **Апробациядан өткізілетін бауларды (үлгіні) талдау**

Сорттық егістен тұқымдарды алу үшін жарамдылықтарын анықтау кезінде, әрбір бөлек учаскелерден апробациядан өткізілетін бауларды таңдайды.

Апробациядан өткізуші егістік жерді диагональ бойынша жүріп өтіп тең қашықтықтан кейін, әрбір дақыл үшін санаулы пункттерді қатарынан белгілі бір көлемде өсімдік (бума үшін), собық, тұқым, бұршақ тұқымдас (үлгі үшін) алады, ал кейбір дақылдар бойынша өсімдік тамырларына талдау жүргізеді. Кең қатарлап егу кезінде диагональ бойынша өтеді. Жергілікті сорттардың байқаудан өткізу бумаларын селекциялық сорт сияқты таңдайды.

Апробациядан өткізілетін бауларды егістікте сортты анықтайтын белгілері айқын көріне бастағанда таңдайды.

Бір бау алуға болатын шекті (бақылау) аумақ, апробациядан өткізу жұмыстарын жүргізетін өсімдік даму фазасы, байқаудан өткізілетін өсімдіктерді алу үшін орындар саны, осы өсімдіктердің саны және облыста өңделетін негізгі ауыл шаруашылық дақылдардың оқшаулану кеңістігінің нормалары 1-ші және 2-ші кестеде көрсетілген.

Әрбір учаскеден, егер де оның аумағы апробациядан өткізу үшін белгіленген көлемінен аспаса, егістік шегінен бастап бір диагональ бойынша өтіп шыққанда апробациядан өткізілетін бір бау таңдайды.

Ғылыми-зерттеу мекемелерінің зерттеу-өндірістік шаруашылықтарында, ауыл шаруашылық жоғары оқу орындарымен колледждерінің оқу-зерттеу шаруашылықтарында, элиталық тұқым өсіру шаруашылығының тұқымдық егістігінің әрбір учаскесінен байқаудан өткізілетін бауларды екі-екіден таңдайды, сонымен қатар әрбір диагональ бойынша таңдалған бауды бөлек таңдайды.

Егер де апробациядан өткізілетін аумақтың бекітілген көлемі бір салмақтан асып кетсе, онда бұл аумақтан әрбірінен бөлек бума таңдау үшін байқаудан өткізуші екі немесе бірнеше учаскелерге бөледі.

Күрделі жалпы бірнеше уақ, бірақ таза біркелкі учаскелерден бір апробациядан өткізілетін бума таңдап алуға болады, яғни алғы ластанбаған біркелкі тұқыммен себілген танаптан. Ірі сорттық егістерді бөлек учаскелерге бөлу кезінде, апробациядан өткізуші шаруашылық егісінің жалпы учаскелерінің бөлінуін, сонымен қатар қажет жағдайда осы жалпыегін жинау учаскелерін бөліп әрбір байқаудан өткізілетінкеңістікті бөлек жинап алуын ескеру керек.

Көрсетілген сорттың жалпы егістігі сияқты, егер олар сол алғы дақылдар тұқымдармен себілген жағдайда болса тұқымдық егістігінде де апробациядан өткізілетін бумалар таңдап алынады.

Жалпы егісті бөлек байқаудан өткізеді.

*Ікесте*

### **Бұршақ және дәнді дақылдарды апробациядан өткізу кезінде бауларды таңдау бойынша нұсқаулық**

Дақыл	Даму фазасы және апробациядан өткізу кезде	Бау (үлгі) таңдау үшін шекті аумақ немесе өсімдікті қарау, га	Өсімдіктерді алу немесе қарау үшін пункттердің саны	Тексерілетін сабақ саны немесе барлық аумақтан бумаға іріктелетін (кем емес)	Оқшаулану кеңістігінің нормасы, м
Күздік және жаздық бидай, жаздық және күздік арпа, сұлы	Балауызданып пісудің бастапқы кезеңі	450	150	1500	*
Тритикале	Балауызданып пісу	450	150	1500	150
Тары	Шашақ гүлдің жоғарғы жағындағы гүл қауыздарының бояуы көріне бастағанда	350	150	1500	-
Күздік және	Сүттеніп пісуге дейін				

жаздық қара бидай		450	100	500	200
Бұршақ	Өсімдіктің негізгі жиынындағы төменгі бұршақтарының пісіп жетілуі	200	50	250	-
Ноқат**	Сол сияқты	100	50	250	-

Апробациядан өткізуші апробациядан өткізілген бауды таңдау кезінде байлайды. Этикеткалардың біреуін ішіне салады, ал сыртына оған шаруашылық егіс, ауыспалы егіс немесе учаске атауларын, бригада, аумақ, дақыл, сорт номерлерін және буманың алынған уақытын көрсетіп этикетка (192 форма) байлайды.

Сонымен қатар, байқаудан өткізуші байқаудан өткізілген буманы таңдаумен бірге, көзбен егістікте кездесетін карантиндік арамшөптердің мөлшері мен атауы, ал арамшөптермен ластану дәрежесі шкала бойынша: 0 – ластанбаған, 1 – шамалы ластанған, 2 – орташа ластанған, 3 – қатты ластанған деп анықтап таңдалған бумаларды талдау орнына жеткізеді.

### **Апробациядан өткізілетін бауларға (үлгі) талдау жасау**

Апробациядан өткізілетін бумалардың (үлгі) талдау жұмыстарын екі күннен кешіктірмей жүргізеді.

Сабағының санына қарамастан апробациядан өткізілетін баулардың барлығын 1-ші және 2-ші кестеде көрсетілгеннен саны кем емес топтарға бөледі.

Бауларды алдын ала топтарға реттегеннен кейін, апробациядан өткізуші әрбір бауды талдауға кіріседі. Бауларды талдау кезінде сорттық тазалығын және егістің типтілігін, олардың қиын бөлінетін өндіру өсімдіктермен, карантиндік, улы, аса қауіпті, қиын бөлінетін арамшөптермен ластануы, аурулармен және зиянкестермен зақымдалуын анықтайды.

Карантиндік арамшөптер – ойран шөп және арам сояудың барлық түрлері, күнбағыстың ластанған-алқаптық түрлері, ценхрус якорцев, тікенекті алқа, үштүсті алқа, қызғылт уекіре.

Аса қауіпті арамшөптер – құмай жүгері, түлкі-құйрық софора, жуан жемісті софора, дөнгелек сәлемшөп, екі қатарлы паспалюм, синегласка, шерстякшашақты, танапты сарықалуен, танапты тікенқурай, татарлық молокан, танапты шырмауық, талшық сүттіген, ірі шытырмақ, бидайық, жауқияқ, қара сұлы.

Улы арамшөптер – сұр триходесма және түктенген жемісті сүйелжазар.

Апробациядан өткізуші сорттың тазалығын және типтілігін анықтау кезінде сорттың жергілікті топырақ-климаттық жағдайларына, дақылдың агротехникалық және т.б. факторларына байланысты морфологиялық өзгерістерін бөлек көрсеткіштерде ескертлуі керек.

Ғылыми-зерттеу мекемелерінің тәжірибе-өндірістік шаруашылықтардың және ауыл шаруашылық жоғары оқу орындарымен колледждерінің оқу-тәжірибе шаруашылықтарында байқаудан өткізілетін учаскелерінің егістігінен таңдалған екі буманың әрбіреуін бөлек талдайды және әр буманың талдау нәтижелерін байқаудан өткізу актісіне енгізеді. Сорттың тазалығын немесе типтілігін және басқалайда егістің сапасын екі буманың талдау нәтижелері бойынша орташа арифметикалық шамамен есептейді.

Апробациядан өткізілетін бауларды талдау кезінде есептеліп көрсетілген барлық бумалар (жіктер), бөлек байлаулы болуы тиіс, негізгі сорт сабақтары жүзден байланады. Одан кейін барлық бумалар (жіктер) негізгі сортпен бірге байланып, онда қосымша байқаудан өткізу актісінің номерін және сорттық тазалықты пайызбен есептеп толтырылған этикетканы байлайды.

Сорттық тазалықтың пайызын есептеп шығаруды ондық бөлшекпен аяқтайды, ал сапа көрсеткіштерінің басқа түрлерін нұсқаулық нормаларда сәйкесінше рұқсат етілетін (ондық немесе жүздік бөлшекке дейін). Алынған көрсеткіштерді дөңгелектейді: егер сан дәлдік көрсеткіштен кейін бекітілген 5-тен көп болса, онда алдыңғыны бірге дейін көбейтеді, егер де 5-тен кем болса, онда кейін шегіреді, егер де 5-ке тең болса, соңғы сақталған цифрді бірге дейін көбейтеді., егер де ол жұп немесе 0-ге тең болса оны өзгерпейді.

Жергілікті сорттарды апробациядан өткізу кезінде сорттық тазалықты немесе типтілігін белгілемейді, ал апробациядан өткізу актісінде түрлігін құрайтын әр түрінің құрамын пайызбен жазады .

Сорттардың таралу аумағындағы жергілікті сорттарды апробациядан өткізу және жарамсыздық тәртібі, ботаникалық әртүрлілігі және типтілігі белгілі құрамымен сипатталатын, және олардан рұқсат етілетін ауытқу нормаларын ғылыми-зерттеу мекемелерінің жүргізушілері бекітеді.

Жергілікті сорттарды апробациядан өткізу кезінде апробациядан өткізуші, оның кең таралған жергілікті атауын актте жазу керек., Егер де сорттың бір ботаникалық әртүрлілігі немесе бір типтілігі 85пайыздан кем құрамаса сорттың ботаникалық әр түрлілігі немесе типтілігі көрсетеді. Егер бір ботаникалық әртүрлілік немесе бір типтілік 85 пайыздан кем болса, онда байқаудан өткізу актісінде «Әртүрлілік немесе типтілік қоспалары» деп жазады.

Жергіліктілер сияқты селекциялық сорттардың жеке түрлері және селекциялық сорттардың қайта туынды түрлері байқаудан өтеді.

Негізінен масақты және бұршақ дақылдарының сорттық қоспаларын апробациядан өткізбейді. Бұндай егістікті сорттық деп есептемейді және сорттық егістіктің салмағын анықтағанда жалпы дәнділер егістігінде есепке алмайды.

Егер дәнді бұршақ дақылдарының сорттық егістігі тұқым өсіру мақсатында масақты дәнді және басқа қолдайтын дақылдар қоспаларымен себілген болса, сәйкес таза күйінде дәнді бұршақ дақылдар үшін бекітілген егістікті ережеге сай байқаудан өткізеді.

Талдаудан кейін бумаларды апробациядан өткізу актісінде қолын қойған шаруашылық қоймашысына тапсырады.

Ғылыми-зерттеу мекемелерінің тәжірибе-өндірістік шаруашылықтарында және ауыл шаруашылық жоғары оқу орындарымен колледждерінің оқу-тәжірибе шаруашылықтарында, мамандандырылған тұқым шаруашылығы және тұқым шаруашылығы үшін бума сақтау мерзімі 12 ай, басқа шаруашылықтар үшін 6 ай.

Бау және апробациядан өткізілген құжат бойынша апробациядан өткізушінің жұмыс сапасы тексеріледі.

Апробациядан өткізуші бекіткен егістің сорттық тазалық пайызын тексеру кезінде, ауытқу шегі- нің рұқсат етілуі (пайыз) апробациядан өткізуші және инспектор немесе бас байқаудан өткізушінің мәліметі бойынша, 3 кестеде көрсетілген.

Егер де апробациядан өткізушінің жұмысын тексеру кезінде шекті ауытқуы айырмашылығы пайда болса, бірақ белгіленген пайыздан аспаса, онда апробациядан өткізуші анықтаған сорттық тазалық өзгеріссіз қалады. Егер ауытқу шектеуден асып кетсе немесе тексерушінің анықтауы бойынша егіс басқа категорияға жатса, инспектордың немесе бас апробациядан өткізушінің талдау нәтижелері бойынша апробациядан өткізу актісін түзейді. Бас байқаудан өткізуші немесе инспектор апробациядан өткізу актісінде енгізілген түзетулерді келісіп алынады.

### **Апробациядан өткізілетін құжаттарды дайындау**

Апробациядан өткізудегі егістік актісін жасау:

- тұқым шаруашылығы бригадаларында және шаруашылық бөлімшелерінде тұқым өсіру егістігіне – 2 дана, соның ішінде біреуін шаруашылықта қалдырады, ал қалғанын

аудандық аумақтық инспекциясынемесе аудандық ауыл шаруашылық бөліміне тапсырады.

Дайындау мекемелеріне тұқым жеткізу жоспарланса үшінші дана жасалынып, астық қабылдау мекемелеріне жолданады; мемлекеттік ресурстарға дайындау үшін тұқым өндіретін шаруашылықтарына, - үш дана, соның ішіне біреуін шаруашылықта қалдырады, екіншісін аудандық аумақтық инспекцияға немесе аудандық ауылшаруашылық бөліміне тапсырады, ал үшіншісін сорттық тұқым дайындайтын астық қабылдау мекемелеріне жібереді.

- көбейту көшеттері, суперэлита, элита егісінде және 1 репродукциялы ғылыми-зерттеу

мекемелерінің тәжірибе-өндірістік және ауыл шаруашылық жоғары оқу орындарымен колледждерінің оқу-тәжірибе шаруашылықтарында – үш дана, соның ішінде біреуін шаруашылықта қалдырады, екіншісін облыстық аумақтық инспекциясына немесе облыстық ауыл

шаруашылық инспекцияға жібереді, үшіншісі – бағыныштылығы бойынша жоғары тұрған мекемеге. Әрбір апробациядан өткізілген сорттық егістігінің учаскесінде бөлек апробациядан өткізу актісі дайындалады.

Бір шаруашылықтың бірнеше учаскесінен таңдалынған бауларды (үлгілерді) талдауда сорттық және басқа да сапаларының біртектілігі анықталса (бір категория және репродукция шамасында), онда апробациядан өткізушіге сорттық тазалықтың орташа пайыздық өлшемін және басқа да егіс сапасын көрсетіп, оларға бір апробациядан өткізу актісін толтыруға рұқсат етіледі.

Әрбір бау (үлгі) бойынша талдау нәтижелерін апробациядан өткізу актісінің сәйкес пункттерінде көрсетілуі керек.

*Ескертпе.* Жаздық бидайдың Саратовская 42 сортының үш бумасын апробациядан өткізу нәтижесі бойынша үш бөлек учаскеден алынған сорттық тазалық белгіленеді:

№ 1 учаске 100 га аумағымен - 97 %

№ 2 учаске 50 га аумағымен - 96 %

№ 3 учаске 250 га аумағымен - 95 %

Сорттық тазалықтың орташа пайыздық өлшемі, оның аумағында әрбір учаскенің сорттық тазалығын өндіру арқылы анықталады:

№ 1 учаске – 97 x100 га = 9700		
№ 2 учаске - 96 x50 га = 4800		
№ 3 учаске - 95 x250 га = 23750		
	Жиыны	400 38250

Алынған тазалық жиынтық қосындысын (38250) барлық учаскелердің аумақ қосындысына (400) бөліп егістің сорттық тазалығының орташа пайыздық өлшемін аламыз (38250 : 400 = 95,6). Осы жолмен басқа да егістің сапа көрсеткіштері бойынша орташа пайыздық өлшемі анықталады.

*Ескерту.* Ғылыми-зерттеу мекемелерінің тәжірибе-өндірістік шаруашылықтарында, ауыл шаруашылық жоғары оқу орындарымен колледждерінде, мамандандырылған тұқым өсіру

шаруашылықтарында және тұқым шаруашылықтарында тұқымдық егістігінің әрбір байқаудан өткен учаскесіне бөлек апробациядан өткізу актісін жасайды.

Барлық тіркелген сорттық және будандық егістерге, 199 форма бойынша екі немесе үш данада тіркеу актісі жасалынады, соның ішінде біреуін шаруашылықта қалдырады, екіншісін аудандық аумақтық инспекциясынанемесе аудандық ауыл шаруашылық бөліміне жібереді ал үшіншісін, егер өнімділікті сорттық тауарлық астық ретінде сату көзделсе астық қабылдау мекемелеріне тапсырады.

Тұқым үшін жарамсыз деп танылған барлық сорттық егістерге, апробациядан өткізу актісінің орнына 200 форма бойынша екі данада жарамсыз актісі дайындалып, соның ішінде біреуі шаруашылықта қалдырады, ал екіншісін аудандық аумақтық инспекциясына немесе аудандық ауыл шаруашылық бөліміне жолдайды.

Ғылыми-зерттеу мекемелерінің тәжірибе-өндірістік шаруашылықтарында, жоғары оқу орындарымен колледждерінің оқу-тәжірибе шаруашылықтарында, мамандандырылған тұқым өсіру шаруашылықтарында және тұқым шаруашылықтарында актінің үшінші данасы жасалынып, оны бағыныштылығы бойынша жоғары тұрған мекемеге жібереді.

Егістің жарамсыз алқабын агроном- апробациядан өткізуші шаруашылық өкілімен бірігіп бұл алқапты өнімділігі жоғары, сонымен қатар репродукциясыжәне сорттық тазалығы бойынша алмастырады.

Егісті апробациядан өткізу кезінде дайындалған құжаттардың барлық құжаттар бағандарын толық мәліметпен толтырылуы керек, егер жауап болмаса сызылған болуы керек. Егістің апробациядан өткізілген кезінде жатқызылған қалпымен, дәрежесі жазумен көрсетіледі.

Шаруашылықта ұсынылып себілген тұқымдарының сорттық құжаттарына негізделіп егіс репродукциясы белгіленеді.

Элиталық тұқымдармен себілген аумақ өнімділігін, бірінші репродукциялы деп есептейді, бірінші репродукциялы тұқым себілген аумақтан, екінші репродукциялы деп есептейді және т.б. Егіс репродукциясын тек бесіншіге дейін есептейді. Басқа репродукциялы егістерін жалпы репродукциялы деп есептейді.

Суперэлита және алғашқы тұқым шаруашылығы көшеттері тұқымдары, сортты өзгерту және сорт жаңарту үшін шаруашылыққа айрықшалық ретінде сатылатын, элита тұқымдары ретінде құжатталады.

Ғылыми-зерттеу мекемелерінің тәжірибе-өндірістік шаруашылықтарында, ауыл шаруашылық жоғары оқу орындарымен колледждерінің оқу-тәжірибе шаруашылықтарында және басқа шаруашылықтарда Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен элита тұқымдарын өндіруге және сатуғақуәлігі жоқ, көбею көшеттері егістері, суперэлита және элита (егер болса) 1-ші репродукциялы деп құжатталынады.

Егер де апробациядан өткізу нәтижелері бойынша егістер суперэлита, элита және олардың тұқым партиялары сорттық тазалық нормалары және басқа сапа көрсеткіштеріне сай келмесе, суперэлиталық және элиталық егістер мен тұқым үшін бекітілген, және Республика Үкіметінің осы тұқымдарды қолдануға сәйкес рұқсаты болмаса, онда көрсетілген егіс пен тұқымдарды 1-ші репродукциялы деп құжаттайды.

Суперэлита және элита егістері егісті апробациядан өткізу нәтижелері бойынша бірінші репродукцияға ауыстырылуы мүмкін.

Егер суперэлита және элита тұқымдарының партиясының егістік сапасы стандартық қалып болмаса, онда оларды егіп қолдану үшін рұқсатты Республика Үкіметі шешеді. Егер Республика Үкіметі бұл тұқымдарды суперэлиталы және элиталы деп қолдануға рұқсат бермесе, қажет болған жағдайда оларды 1-ші репродукцияға Ауыл шаруашылық министрлігі рұқсатымен шешіледі.

Дәнді дақылдардың жаңа сорттарын апробациядан өткізу кезінде, оларды келешектегі сорттар деп бекіткен мерзімінен бастап, мемлекеттік сорт сынауда орналасқан құжат рәсімдеудің келесі тәртібі сақталады:

- тәжірибе-өндірістік мекемелерінің ғылыми-зерттеу шаруашылықтарымен және ауыл шаруашылық жоғары оқу орындарымен колледждерінің оқу-тәжірибе шаруашылықтарда элита тұқымдарын өндіру және сату, сорт алмастыру және сорт жаңарту үшін Куәлігі бар, - бірінші жылдық көбею көшеттері сияқты, немесе көбеюдің келесі дәрежесі (суперэлитаны қоса), егер тұқым өз шаруашылығында элита тұқымдарын өндіру үшін арналған болса, сонымен қатар оларды сату кезінде осы мақсат үшін басқа ғылыми-зерттеу мекемелерінің және оқу-тәжірибе шаруашылықтарына және суперэлита тәріздес, егер де тұқым, элиталық-тұқым өсіру шаруашылықтарына сату үшін арналған болса;

ғылыми-зерттеу мекемелерінің тәжірибе-өндірістік шаруашылықтарында және ауыл шаруашылық жоғары оқу орындарымен колледждерінің оқу-тәжірибе шаруашылықтарында сорт ауыстыру және сорт жаңарту үшін элита тұқымдарын өндіру және сату үшін Ауыл шаруашылық министрлігінің рұқсаты болу керек.

Бидайдың элиталық егісі, сұлы, арпаның сорттық тазалығы 99,7 пайыз; тары, бұршақ, ноқат – 99,8 пайыз; суперэлиталық және элиталық бұршақ егісінің сорттық тазалығы 99,7 пайыздан кем болмауы керек.

Қара бидай, қара құмықтың элиталық егісінің сорттық тазалығын анықтамайды. Апробациядан өткізу актісінде байқаудан өткізуші «Сорттық тазалық» бағанында «типтілік» деп қояды, элиталық егісінің толық типтілігін кепілдейді..

Көбею көшетіндегі және суперэлита дақылдарының тұқымдары, 4-ші кестеде көрсетілген, сорттық тазалық бойынша, элиталық тұқымдар үшін қабылданған нормадан кем болмауы керек.

Қатты бидайдың элиталық және 1 категориялы қатты бидайдың егістерінде жұмсақ бидай қоспаларының бірінші категориясы 0,1 пайыздан, ал екінші категориясы 0,5 пайыздан көп болмау керек. Мысалы, егер де байқаудан өткізу нәтижелері бойынша, қатты бидайдың сорттық тазалығы 99,5 % болса, ал жұмсақ бидай өсімдіктердің қоспалары – 0,2 % болса, онда бұндай егістерді 2 категорияға жатқызу керек.

Сорттық тазалығы 99,0 пайыз ал жұмсақ бидайдың сорт қоспалары 0,6 пайыз егісін 3-ші категорияға жатқызылады.

Дәнді және дәнді бұршақты дақылдарының тұқымдарын, егу үшін арналған (элитадан басқа), сорттық сапасы бойынша келесі талаптарға жауап беруі керек.

Ғылыми-зерттеу мекемелерінің, тәжірибе-өндірістік шаруашылықтарында, ауыл шаруашылық жоғары оқу орындары және колледждерінің оқу-тәжірибе шаруашылықтарында өсіріліп және сатылатын бірінші репродукциялы тұқымдары, сорттық тазалықтың 1-ші категориясынан кем болмауы керек; мамандандырылған тұқым шаруашылығында, тұқым шаруашылығында себілетін 2-ші және кейінгі репродукциялы тұқымдары, сонымен қатар басқа шаруашылықтардың тұқымдық егістігінде сорттық тазалықтың 2 категориясынан төмен болмау керек, ал жалпы аумақта себілген тұқымдар, сорттық тазалықтың 3 категориясынан төмен болмау керек.

### **Дәнді және дәнді бұршақты дақылдарды апробациядан өткізу**

Бидай, арпа, сұлы және тарының сорттық тазалығын апробациядан өткізілетін бума бойынша балауызданып пісудің бастапқы кезеңінде анықтайды.

Апробациядан өткізілетін бумаларды толығымен талдайды, сонымен қатар сабақтарды келесі топтарға бөледі:

- апробациядан өткізілетін дақылдың негізгі сорты;
- апробациядан өткізілетін дақылдың (сорттық қоспа) әртүрлілігі және сорттардың басқа түрлері;
- қара күйенің әр түрлерімен залалданған негізгі дақыл;
- қиын бөлінетін өсірілетін дәнді дақылдар;

- қиын бөлінетін арамшөптер;
- карантиндік арамшөптер;
- пісіп-жетілмеген негізгі дақылдың сабақтары.

*Ескерту.* Негізгі дақылдың пісіп-жетілмеген сабақтарына дәнсіз масақша немесе дәні дұрыс дамымаған солғынды масақтардың барлығын жатқызылады. Барлық дәнсіз сабақтар талдау кезінде есепке алынбайды.

Бауларды бөлу және барлық топтарды талдаудан кейін әрбіреуіндегі сабақ санын есептейді.

Байқаудан өткізілген дақылдың сорттық тазалық пайызын негізгі сорттың дәнді сабақтары санын, дақылдың дамыған сабақтарының барлық санына қатынасы арқылы белгілейді.

Егістің қара күйемен залалдануы пайызын, қара күйенің әр түрі бойынша және негізгі дамыған сабақтарының барлық сандарына қатынасы бойынша анықтап есептейді (сабақтардың, қара күйемен залалдануымен қоса).

Егістің қиын бөлінетін өсірілетін дәнді дақылдарын және арамшөптермен ластану пайызын, дәнді масақтар санын қара күйемен залалданған сабақтарсыз осы топтың әрбірінің жалпы негізгі дақылдың жемісті сабақтарының анықталатын топтың сабақтарымен қоса барлық санына, қатынасы бойынша анықтайды.

*Мысалы.* Апробациядан өткізілген бидайдың Саратовская 40 сортының бауын талдау нәтижесі бойынша сабақтары анықталады:

- Саратовская 40 негізгі сорты - 1600
- басқа сорттар және әртүрлілігі - 27
- соның ішінде: лютеценс - 7
- альбидум - 8
- гордеиформе - 12

(жұмсақ бидайдың әртүрлілігі – 15, қатты – 12)

Негізгі дақылдың, қара күйемен залалдануы, соның ішінде:

- тозаңды қара күйе - 5
- қатты қара күйе - 11

қиын бөлінетін өсіру өсімдіктер - 10, соның ішінде:

- арпа сабағы - 10
- бөлінуі қиын арамшөптер - 5

толық пісіп-жетілмеген бидай сабағы - 56

Сорттық тазалықтың пайызын есептеп шығару үшін бөлшек алымына негізгі сорттың 100-ге көбейтілген; (1600) сабақ санын жазады; дербес бөлшекке – негізгі сорттың (1600) сабақ санын және басқа да сорттар мен әр түрінің сабақ санын қосады (27).

1600 x 100

$$1. \text{Сорттық тазалық} = \frac{1600+27}{1600} = 98,34 \%$$

Жоғары да көрсетілген ереже бойынша жүздік бөлшектерді дөңгелектеп («Байқаудан өткізілетін бумаларды талдау» бөлімді қарап) байқаудан өткізу актісінде егістің сорттық тазалығын 98,3 пайызды көрсетеді.

$$\frac{15 \times 100}{1600+27}$$

$$2. \text{Қатты бидайдың жұмсақ бидаймен ластануы} = \frac{15}{1600+27} = 0,9 \%$$

Егістің бөлінуі қиын өсіру өсімдіктермен ластану пайызын есептеп шығару үшін алымға қиын бөлінетін өсіру өсімдіктерінің (10) сабақтар санын жазады, 100-ге көбейтілген, ал дербес бөлшекке – негізгі сорттың (1600) сабақ саны және басқа сорттар мен түрін (27), және қиын бөлінетін өндіру дақылдардың сабақ санын (10) қосады.

$$3. \text{Қиын бөлінетін өсіру өсімдіктермен ластануы} =$$

$$\frac{10 \times 100}{1600+27+10} = 0,6 \%$$

Егістің бөлінуі қиын арамшөптермен ластануын бөлінуі қиын өсіру өсімдіктермен ластану сияқты есептеп шығарады.

Егістің тозаңды қара күйемен ластану пайызын есептеп шығару үшін бөлшек алымына тозаңды қара күйемен (5) зақымдалған сабақ санын жазады, 100-ге көбейтілген, ал бөліміне негізгі сорттың жалпы сабақ санын (1600) және басқа сорттар және өртүрлілігін (27) және тозаңдықара күйемен зақымдалған сабақ санын қоса жазады:

$$\frac{5 \times 100}{1600+27+5} = 0,3 \%$$

Егістің қатты қара күйемен залалдануын, тозаңды сияқты есептеп шығарады.

Бау талдау кезіндегі алынған мәліметтер, байқаудан өткізу актісінің « Бау талдау нәтижелері » бөліміне енгізеді, сонымен қатар карантиндік арамшөптер бойынша актте олардың санын және атауын жазады.

Бөлінуі қиын мәдени өсімдіктерге мыналар жатады:

- |                  |                     |
|------------------|---------------------|
| - жаздық бидайда | - арпа, қара құмық; |
| - арпада         | - бидай, сұлы;      |
| - күздік бидайда | - қара бидай, арпа; |
- сұлы- арпа, қара бидай.

Егер жалпы бөлінуі қиын мәдени өсімдіктермен ластануы 5 пайыздан- аспаса, онда байқаудан өткізуші шаруашылыққа тұқымды жете тазалау жөнінде нұсқау береді.

Егер жалпы бөлінуі қиын мәдени өсімдіктермен ластануы 5 пайыздан - асса, онда егістік тұқым алу үшін жарамсыз деп танылады.

Бөлінуі қиын арамшөптерге жататындар:

бидайда –түлкі құйрық ақ мия, жуан жемісті ақ мия, сирийялық головчатка, татар кара

құмығы;

сұлыда - кара сұлы, ақшалық триходесма;

арпада - кара сұлы, жуан жемісті ақ мия, ақшалық триходесма;

тарыда - сұрғылт итқонақ, мың басшөп, құмай жүгері, күрішті және балшөпті тары, синеглазка, қызғылт уекіре, сүйелжазар түйнелікүлбіраған, күрмек, егістік шырмауық, **вязель** әр түсті.

Егер жалпы бөлінуі қиын мәдени өсімдіктермен ластану дәрежесі 3 пайыздан асса, онда егістік тұқым алу үшін жарамсыз деп танылады.

Егістегі карантиндік, улы және аса қауіпті, бірақ бөлінуі қиын емес арамшөптермен ластанған тұқымдарды, тұқым алу үшін жарамдыларын есептен шығармай, қоймаға салып тазалап арамшөптері жоқ тұқымдардан бөлек үйеді.

Буманы талдау бойынша және көзбен егістіктің тамырына қарап, егістің карантиндік, улы және аса қауіпті арамшөптермен ластануын белгілейді.

Сорттық куәліктерде, тұқыммен қоса, егістегі карантиндік, улы және аса қауіпті арамшөптердің барын немесе жоғын міндетті түрде көрсетеді.

Бидай егісінде (элитадан басқа), олардың тозаңды немесе қатты қара күйемен залалдалуының дәрежесі сәйкесінше 2 және 5 пайыздан - дан асса,; сұлы және арпа егісінде (элитадан басқа) – егер олардың қара күйенің әр түрлерімен ластануы 5 пайыздан - дан асса; тары егісінде (элитадан басқа) – олардың тозаңды қара күйемен ластануы 3 пайыздан -дан асса. тұқым алу үшін жарамсыз деп танылады .

Элиталық егістің, бидай, арпа, сұлының тозаңды қара күйемен (сабақ бойынша) залалдалуының дәрежесі 0,3 пайыздан; тары 0,1 пайыздан жоғары немесе бидай, арпа, сұлының қатты қара күйемен залалдануы 0,1 пайыздан жоғары болса, онда элиталық деп есептелмейді. Көбею көшеттері және суперэлита егістерінің қара күйемен залалдануы, элиталық егістер үшін бекітілген нормадан аспауы керек.

Бидай егісінің барлық репродукциясында, элитамен қоса, сабақты залалдалуының және аласа дінді қара күйемен залалданған болса, тұқым алу үшін жарамсыз деп есептелінеді.

Егістікке деп белгіленген элиталықтан басқа дәндік және дәнді-бұршақты дақылдар тұқымы сорттық сапа тұрғысында келесідей талаптарға сай болуы керек: ғылыми-зерттеу мекемелері немесе ауыл шаруашылығы жоғары оқу орындарының оқу-тәжірибелік шаруашылықтарда өсірілген бастапқы репродукция. Тұқымы сорттық тазалығы бойынша I категориядан кем болмауы керек, екінші және басқа да репродукция тұқымдары II категориядан, жалпы алқапқа егілетін басқа да барлық репродукция тұқымдары III категориядан кем болмауы керек.

Бидай, сұлы, арпа, тары, асбұршақ, бұршақ, жасымық, күріштің элиталық егістіктің сорттық тазалығы 99,8%, азықтық бұршақтардікі 99,5% кем болмауға тиісті. Көбейту көшеттерінің және суперэлиталық дақылдар тұқымының сорттық тазалығы элиталық тұқымдар үшін белгіленген нормадан кем болмауы керек (кесте бөлек бетте).

Егістік репродукциялары шаруашылық мекемелері ұсынған сорттық құжаттар негізінде белгіленеді. Ол құжатта элиталық тұқымның тұқымдық қорға өткен уақытын есепке ала отырып нақты көрсетілуі керек.

Сорттық егістікті белгілі бір репродукция категориясын тануда келесілерді ескеру қажет. Элиталық тұқым егілген алқаптан алынған өнім бастапқы репродукция деп есептелінеді. Ал осы бастапқы репродукция тұқымы егілген алқаптан алынған өнім екінші репродукция деп саналады.

Апробациялық бау сараптама аяқталғаннан кейін қоймашыға сақтауға беріледі. Ол қабылдау актісіне міндетті түрде жазылуы керек. Баудың сақталу уақыты төмендегідей: селекциялық-тәжірибелік мекемелер үшін 12 ай, ал басқа да шаруашылықтар үшін 6 ай. Осы бау бойынша апробатор жұмысының қаншалықты дұрыстығы тексеріледі.

2 кесте

#### Тұқым сапасының егістік мөлшері

Дақылдар	Класс	Негізгі дақыл тұқымы, %	Қал-дық, %	Соның ішінде		Өнгіштігі, %
				басқа өсімдіктер тұқымы 1 кг шаққанда, 1 дана	арамшөп тұқымы 1 кг шаққанда, 1 дана	
Жаздық жұмсақ бидай	1	99,0	1,0	10	5	95,0
	2	98,5	1,5	40	20	92,0
	3	97,0	3,0	200	100	90,0
Қатты бидай	1	99,0	1,0	10	5	90,0
	2	98,0	2,0	40	20	87,0
	3	97,0	3,0	200	100	85,0
Жүгері дәні	1	99,0	1,0	0	0	96,0
	2	98,0	2,0	2	0	92,0
	3	97,0	3,0	5	0	88,0
Қара бидай	1	99,0	1,0	10	5	95,0
	2	98,0	2,0	80	40	92,0
	3	97,0	3,0	200	100	90,0
Арпа	1	99,0	1,0	10	5	95,0
	2	98,0	1,5	80	20	92,0
	3	97,0	3,0	300	100	90,0
Тары	1	99,0	1,0	16	10	95,0
	2	98,0	1,5	100	75	90,0
	3	97,0	3,0	200	200	85,0

Апробатор актісіне қоса толтырылған сорттық куәлік немесе тұқымның куәлігінің бланкісінің үлгісі ұсынылады. Оны өнімді тапсыру кезінде толтырады. Шаруашылық мекемелер стандарт нормаларда жетілдірілген сорттық тұқым болса, тұқым куәлігін, стандарт нормаларға жеткізілмеген жағдайда жағдайда сорттық куәлікті қоса ұсынуға міндетті.

Барлық актілеріне де апробация жұмысына қатысқан апробатор мен шаруа қожалықтарының уәкілдері қол қоюы керек. Аға апробатордың тексерісінен өткен апробаторлық құжаттар егін жинау уақытына дейін шаруа қожалықтарына тапсырылуы керек. Актілерге түзету енгізуге тек аға апробатор немесе инспектор ғана құқылы. Мұндай жағдайда енгізілген түзету актісінің барлық данасына толық көшірілуі керек. Аға апробатор апробация жұмысының жүргізілу тәртібін тексеріп, апробациялық құжаттардың дұрыс толтырылуын қадағалап, бекітуге міндетті.

Апробациялық актілер, тіркеу актісі мен сорттық егістіктің ақауы туралы акт қаржы құжаты сияқты қатаң тәртіппен мұқият сақталуы қажет.

Сорттық егістіктерге апробация жүргізуде және тұқымды жөнелтуде тиісті құжаттар толтырылады.



Касенова А. С.

Бекеев Ж.Г.